

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және саясаттану кафедрасы

СӨЖ

Пәні:Әлеуметтану

Тақырыбы:Әлеуметтік топтар және олардың әртүрлілігі

Орындаған:Кабулова Г.К

Тексерген:Қазбаев С.К

Семей 2017

Жоспар:

The title 'Жоспар:' is positioned at the top left. To its right, there are six light blue circles arranged in a horizontal line. The first two circles are partially overlapped by the text. The remaining four circles are spaced out, with the second and third being hollow outlines, and the fourth and fifth being solid filled.

1. "Әлеуметтік топ" түсінігіне анықтама
2. Әлеуметтік топтардың түрлері
3. Отбасы кіші әлеуметтік топ ретінде

Әлеуметтік топ

Адамдардың белгілі бір қажетін қанағаттандыру мақсатында өзара қарым-қатынас орната отырып, түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыратын көптеген адамдардың үлкенді-кішілі жиынтығы. Бұл топ айтарлықтай тұрақты, ортақ мүддесі бар және әдет-ғұрпы бірдей, белгілі бір тарихи қоғамда қалыптасады.

Топтар белгілі бір маңызды критерийлер негізінде бірнеше классификацияларға бөлінеді:

- Ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған;**
- Биологиялық;**
- Экономикалық;**
- Саяси;**
- Мәдени-идеологиялық және т.б.**

Топтардың масштабына байланысты, адам санына байланысты үш топқа бөледі:

- 1) Ірі;**
- 2) Орташа;**
- 3) Кіші**

“Философиялық энциклопедиялық сөздікте”
әлеуметтік топтар 3 топқа бөлінеді:

Ірі (глобальдық) әлеуметтік топтарға

жататындар: тұтас қоғам(ел)

көлеміндегі адамдар жиынтығы

(алғашқы адамдар тобыры, ру, тайпа,

халықтық, ұлт сияқты этнографиялық

топтар), таптар, әлеуметтік-

экономикалық формациялар, кәсіптік

топтар, жасына қарай топтасу(жастар,

пенсионерлер) және т.б.

Орташа топқа бір кәсіпорында және бір территорияда жұмыс істейтін адамдардың өндірістік жиынын (бір селоның, аудуанның, қаланың тұрғындарын) жатқызады. Өндірістік бірлестіктер белгілі бер меқсатқа жету үшін құрылады және құрамы мен қатынастарын иерархиялық өкімет билігінің құрылысымен, шешімдер және заңдар қабылдау жолымен реттеп отырады.

Кіші топтарға: отбасы, бастауыш өндірістік ұйымдар(бригадалар),көршілердің ұйымы, мектеп кластары, курс, группалар, т.б. жатады.Бұл топтың ерекшелігі оның мүшелері бір-бірімен тікелей байланыс жасайды.Кіші топтар мақсатты (формальды) және әлеуметтік-психологиялық (формальды емес)**болып 2-ге бөлінеді.Мақсатты кіші топтар алдын ала белгіленген мақсаттарға, нұсқаулар мен ережелерге сәйкес әрекет етеді,ал формальды емес кіші топтар адамдардың бірін бірі ұнату немесе ұнатпау сезімі негізінде құрылады.**



Алайда барлық адамдар жиынтығын әлеуметтік топ деп қарастыруға келмейді. Адамдар жиынтығы әлеуметтік топ болып саналу үшін екі шарт орындалу қажет. Олар:

Топтағы адамдар арасында тығыз байланыс пен өзара іс-әрекеттің алмасуының болуы;

Топ мүшелерінің әрқайсысының өзінің орны және істейтін іс-әрекетінің болуы;

Егерде белгілі бір адамдар жиынтығы, белгілі бір физикалық кеңістікте өзара ақпарат алмаспаса, мақсаттары бір болмаса, біріге іс-әрекеттенбесе оны **агрегация** деп атаймыз. Мысалға:

Бір вагондағы жолаушылар, бір қалада тұратын тұрғындар және т.б.

Әлеуметтік топтардың эволюцияға, уақыт торабына байланысты жіктеуімізге болады:

-Рулық;

-Халықтық;

-Ұлттық;

-Отбасылық;

-Нәсілдік және т.б.

Рулық-алғашқы адам тектестер тобырынан кейінгі бірінші адамдық әлеуметтік топ (қауымдастық), яғни тас дәуірінде өмір сүрген тобырдан кейінгі әлеуметтік топ. Ру табиғаттың стихиялы күштеріне және жабайы аңдарға қарсы бірлесе күресу мақсаты және шаруашылығы бір туысқан, қандас адамдардың тарихи тобы болып табылады.




Халықтық топтасу құл иеленушілік және феодалдық қоғамдық формацияларға тән тарихи-әлеуметтік жиынтық болып табылады. Бұл әлеуметтік топтасу бірнеше туысқан тайпалардың территория, тіл және мәдени өмір бірлігінің негізінде қалыптасты. Бұл топтасулардың шаруашылық негізі көбінесе егіншілік пен мал өсіруге негізделген натуралдық шаруашылық болды. Бұл кезде бір ел, бір мемлекет көлемінде берік экономикалық бірлік болмағандықтан, халықтық бірлік те айтарлықтай берік, тұрақты жиынтық бола алмады. Экономикалық және саяси жағынан бытыранқылық басым болды.

Капитализмнің тууына және дамуына байланысты әлеуметтік топтың жаңа түрі-ұлттық топтасу пайда болды. Капитализм тұсында біртұтас рыноктың құралуына байланысты бұрынғы феодалдық бытыранқылық жойылып, бірнеше халықтар бір ұлттық топқа бірікті. Ұлттар қоғам дамуының буржуазиялық дәуірінің қажетті жемісі және қажетті формасы.

Ұлтқа тән мәнді белгілер: территория бірлігі, тіл бірлігі, мәдениет бірлігі және феодализм тұсындағы бытыранқылықтың салдарынан болмай келген экономикалық өмір бірлігі. Демек, ұлттың құралуында экономикалық өмір бірлігі шешуші роль атқарды.

***Нәсілдік айырмашылық түсіне,
бет пішініне, т.б. сыртқы
белгісіне қарай айырылатын
топ-ақ, қара және сары
нәсілдер бар.Ұлтты нәсілдік
топпен шатастырмау қажет.***



Отбасы адамның өз өмірінің негізгі процестерін бастан кешіретін кіші әлеуметтік топ болып табылады. Ондағы әрбір адамның өмірі отбасымен тығыз байланыстылығы сонша, ол әрбір отбасы мүшесінің дамуына шешуші әсер етеді. Отбасы қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын комплексті әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сондықтан да отбасына объективтік тұрғыдан ғылыми зерттеу жүргізу оңай емес.

Қазіргі қоғамдағы отбасы кіші әлеуметтік топ қана емес, ол сондай-ақ құқықтық институт та болып табылады. Кіші әлеуметтік топ ретінде отбасы бірқатар міндеттерді іске асырады. Құқықтық институт ретінде отбасы-туысқандық және некелік қатынастар арқылы өзара байланысты адамдар тобы, оларға тиісті құқықтық нормаларға сәйкес белгілі бір құқықтар мен міндеттер берілген.

Отбасы

Ерлі-зайыпты екі адамның арасындағы некеге құрылған негізгі әлеуметтік топ, отбасыға сонымен бірге ұл-қыздары да кіреді. отбасының негізгі функциясы бала тауып, тәрбиелеп өсіру, ерлі-зайыптылардың жыныстық, эмоциялық сезімдерін және басқа да қажеттерін өтеу.

Қорытынды:

Қоғам өмірінде әлеуметтік топтардың алар орны ерекше. Себебі адамның өмірі біртұтас қоғам көлемінде ғана емес, сондай-ақ кіші әлеуметтік топтардың ішіндегі қоғамдық қатынастарда да жүріп отырады. Бұл топтар тұрақты, ортақ мүддесі бар, әдет-ғұрпы бірдей, белгілі бір қоғамда қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ә.Х.Тұрғынбаев

Алматы “Білім” 2001;

2.Радугин

“Социология”

3.

4.